



Ақпараттық жүйені, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық платформасын, мемлекеттік органның интернет-ресурсын ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестікке атtestаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 23 мамырдағы № 298 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1047 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 31.12.2019 № 1047 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Ақпараттық жүйені, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық платформасын, мемлекеттік органның интернет-ресурсын ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестікке атtestаттаудан өткізу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы 23 мамырдағы
№ 298 қаулысымен
бекітілген

**Ақпараттық жүйені, "электрондық үкіметтің"
акпараттық-коммуникациялық платформасын, мемлекеттік органның
интернет-ресурсын ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестікке
атtestаттаудан өткізу қағидалары**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ақпараттық жүйені, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық платформасын, мемлекеттік органның интернет-ресурсын ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестікке атtestаттаудан өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы бабының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және ақпараттық жүйелерді, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық платформасын, мемлекеттік органның интернет-ресурсын ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестікке атtestаттаудан өткізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалар мемлекеттік құпияларға жатқызылған, қорғалып орындалатын ақпараттық жүйелерге атtestаттау жүргізуге қолданылмайды.

3. Қағидаларда пайдаланылатын негізгі анықтамалар, терминдер және ұғымдар:

1) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

2) мемлекеттік техникалық қызмет – Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын;

3) өтініш беруші – атtestаттау объектісін ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестікке атtestаттау жүргізуге өтініш берген атtestаттау объектісінің иесі (иеленуші) немесе ол өкілеттік берген тұлға;

4) ақпараттандыру саласындағы ақпараттық қауіпсіздік (бұдан әрі – ақпараттық қауіпсіздік) – электрондық ақпараттық ресурстардың, ақпараттық жүйелердің және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның сыртқы және ішкі қатерлерден қорғалуының жай-күйі;

5) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым – электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыру және оларға қолжеткізуді ұсыну мақсатында технологиялық ортаның жұмыс істеуін қамтамасыз етуге арналған ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерінің жиынтығы;

6) атtestаттау объектілері – ақпараттық жүйе, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық платформасы, интернет-ресурс;

7) аппараттық-бағдарламалық кешен – белгілі бір типтегі міндеттерді шешу үшін бірлесіп қолданылатын бағдарламалық қамтылым мен технологиялық құралдар жиынтығы;

8) ақпараттық жүйе – ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың,

қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың үйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

9) "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық платформасы – ақпараттандырудың сервистік моделін іске асыруға арналған технологиялық платформа;

10) интернет-ресурс – аппараттық-бағдарламалық кешенде орналастырылатын, бірегей желілік адресі және (немесе) домендік аты бар және Интернетте жұмыс істейтін, мәтіндік, графикалық, аудиокөрінімді немесе өзге де түрде бейнеленетін электрондық ақпараттық ресурс;

11) алып тасталды – КР Үкіметінің 09.04.2018 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

12) ақпараттық жүйенің, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық платформасының, мемлекеттік органның интернет-ресурсының ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі атtestаты (бұдан әрі – атtestат) – атtestаттау объектісінің ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі фактісін растайтын құжат;

13) атtestациялық зерттеп-қарау актісі – атtestаттау объектісінің нақты қорғалу жай-күйі туралы мәліметтерді қамтитын құжат;

14) ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестікке атtestаттау (бұдан әрі – атtestаттау) – атtestаттау объектілерінің қорғалуының жай-күйін, сондай-ақ олардың ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін айқындау жөніндегі үйымдастырушылық-техникалық іс-шаралар;

15) атtestаттық зерттеп-қарау – атtestаттау объектісінің техникалық құжаттамасын зерделеуге, талдауға, бағалауға, ақпараттық қауіпсіздік талаптарын орындау жөніндегі жұмыстардың үйымдастырылу жай-күйін зерттеп-қарауға бағытталған үйымдастыру-техникалық іс-шаралар кешені;

16) ақпараттық қауіпсіздік бойынша техникалық құжаттама (бұдан әрі – АҚ бойынша ТК) – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарға (бұдан әрі – БТ) сәйкес әзірленген және атtestаттау объектісінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі жалпы талаптарды, қағидаттармен қағидаларды регламенттейтін құжаттар жиынтығы.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Үкіметінің 09.04.2018 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

4. Мемлекеттік органның ақпараттық жүйесін, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілеріне жатқызылған ақпараттық жүйені, мемлекеттік органның ақпараттық жүйесімен интеграцияланатын немесе

мемлекеттік органның электрондық ақпараттық ресурстарын қалыптастыруға арналған мемлекеттік емес ақпараттық жүйені, мемлекеттік органның интернет-ресурсын және "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық платформасын өнеркәсіптік пайдалануға атtestаты болған кезде ғана жол беріледі.

5. Міндettі атtestатталатын объектілер:

1) мемлекеттік органның ақпараттық жүйесі;

2) мемлекеттік заңды тұлғаның ақпараттық жүйесі, мемлекеттік органның ақпараттық жүйесімен интеграцияланатын немесе мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыруға арналған мемлекеттік емес ақпараттық жүйе.

Осы тармақшада белгіленген талаптар қаржы ұйымдарының ақпараттық жүйелері өнеркәсіптік пайдалануға енгізілген "электрондық үкіметтің" сыртқы шлюзі арқылы интеграцияланған кезде оларға қолданылмайды;

3) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның аса маңызды объектілеріне жатқызылған ақпараттық жүйе;

4) "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық платформасы;

5) мемлекеттік органның интернет-ресурсы.

Қазақстан Республикасының ұлттық куәландырушы орталығының электрондық цифрлық қолтаңбаның тұпнұсқалылығын тексеру бойынша сервистерін пайдаланған кезде осы тармақта көрсетілген атtestаттау объектілері үшін ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестікке атtestаттаудан өту талап етілмейді.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2018 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

6. Мемлекеттік емес ақпараттық жүйелер және мемлекеттік емес интернет-ресурстар меншік иесінің (иеленушінің) не ол уәкілеттік берген тұлғаның бастамасы бойынша ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне атtestаттаудан өтуі мүмкін.

7. Атtestаттау мынадай кезеңдерден тұрады:

1) атtestаттаудан өткізуге өтініш қабылдау және құжаттар топтамасын нысан мен жиынтықтығына сәйкестігі тұрғысынан тексеру;

2) атtestаттық зерттең-қарау;

3) уәкілетті органның атtestаттық зерттең-қарау нәтижелерін қарауы;

4) уәкілетті органның шешім қабылдауы.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 09.04.2018 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

8. Аттестаттау объектілерін ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестікке аттестаттауды уәкілетті орган жүргізеді.

9. Аттестаттау объектілерін аттестаттық зерттең-қарауды мемлекеттік техникалық қызмет жүргізеді.

10. алып тасталды - ҚР Үкіметінің 09.04.2018 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

11. Міндettі аттестаттауға жататын аттестаттау объектісінің иесі не иеленуші немесе ол уәкілеттік берген тұлға ағымдағы жылы аттестаттау жоспарлаған объектілердің тізбесін осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жыл сайын 1 наурыздан кешіктірмей уәкілетті органға жолдайды.

12. Ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестікке аттестаттаудан өткізуге арналған өтінішті уәкілетті орган ағымдағы жылғы 1 қарашадан кешіктірмей қабылдайды.

2. Аттестаттаудан өткізу тәртібі

13. Өтініш беруші мына құжаттарды ұсына отырып, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органға аттестаттау жүргізуге өтініш береді:

- 1) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (жеке тұлғалар үшін);
- 2) техникалық тапсырманың көшірмесі, интернет-ресурсқа техникалық тапсырма жоқ болған жағдайда техникалық ерекшелік жіберіледі;
- 3) әкімші серверлерінің пайдаланылатын бірегей желілік мекенжайлары мен жұмыс станциялары көрсетіліп, меншік иесі (иеленуші) бекіткен және өтініш берушінің қолымен және мөрімен куәландырылған аттестаттау объектісінің жалпы функционалдық схемасы және жалпы функционалдық схемаға түсіндірме жазба;
- 4) меншік иесі (иеленуші) бекіткен және өтініш берушінің қолымен және мөрімен куәландырылған аттестаттау объектісінің осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес АҚ бойынша ТҚ көшірмелері;
- 5) аттестаттау объектісімен интеграцияланған ақпараттандыру объектілерінің осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша меншік иесі бекіткен және өтініш берушінің қолымен және мөрімен куәландырылған тізбесі (аттестаттау объектісімен интеграцияланған ақпараттандыру объектілері болған кезде);
- 6) аттестаттау объектісінің құрамына кіретін техникалық және бағдарламалық құралдардың осы Қағидаларға 5 және 6-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша меншік иесі (иеленуші) бекіткен және өтініш берушінің қолымен және мөрімен

куәландырылған көшірмелері (аттестаттау объектісі ақпараттық-коммуникациялық қызметтерді пайдаланбайтын жағдайда);

7) техникалық сипаттама мен ақпараттық-коммуникациялық қызметтер көрсету шарты қоса берілген ақпараттық-коммуникациялық қызметтерді пайдалануға арналған шарттың көшірмесі (аттестаттау объектісі ақпараттық-коммуникациялық қызметтерді пайдаланатын жағдайда).

14. Үәкілетті орган өтінішті алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде өтініштің және өтінішке қоса берілген құжаттардың осы Қағидаларда белгіленген нысан мен жиынтыққа қойылатын талаптарға сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады.

15. Өтініш және (немесе) құжаттар белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда үәкілетті орган оларды қайтару себептерін көрсете отырып, өтініш берушіге қайтарады.

16. Өтініш және қоса берілген құжаттар нысан мен жиынтыққа қойылатын талаптарға сәйкес келген жағдайда, үәкілетті орган осы Қағидалардың 14-тармағында белгіленген мерзім ішінде қоса берілген құжаттар мен өтінішті мемлекеттік техникалық қызметке жібереді.

17. Өтінішті және қоса берілген құжаттарды алғаннан кейін мемлекеттік техникалық қызмет үш жұмыс күнінен кешіктірмей өтініш берушіге аттестаттық зерттең-қарау бойынша қызметтер көрсету шарттының екі данасын жолдайды. Өтініш беруші шарттың даналарын алған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қол қояды және бір данасын мемлекеттік техникалық қызметке қайтарады.

Көрсетілген мерзім өткен соң шарттың өтініш беруші қол қойған данасы мемлекеттік техникалық қызметке ұсынылмаған жағдайда, аттестаттау жүргізуге арналған өтініштің күші жойылды деп саналады.

18. Аттестаттық зерттең-қарау құнын ұлттық қауіпсіздік органдары монополияға қарсы органмен келісу бойынша белгілейді.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2018 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

19. Аттестаттық зерттең-қарау мерзімі аттестаттық зерттең-қарау бойынша қызмет көрсетуге арналған шарт занды күшіне енген күннен бастап отыз жұмыс күнінен аспауы тиіс.

Егер аттестатталатын ақпараттық жүйе аумақтық жағынан бөлінген болса, аттестаттық зерттең-қарау мерзімі қырық жұмыс күнінен аспайды.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2018 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

20. Мемлекеттік техникалық қызмет аттестаттау объектісін аттестаттық зерттең-қарауды үәкілетті органның бұйрығымен бекітілген ақпараттық жүйені, "

электрондық "үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық платформасын, интернет-ресурсты ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестікке атtestаттық зерттең-қарау жүргізу өдістемесіне сәйкес жүргізеді.

21. Атtestаттық зерттең-қарау бойынша қызметтер көрсету шартының талаптарына сәйкес атtestаттық зерттең-қарауды жүргізу үшін өтініш беруші мемлекеттік техникалық қызметке атtestаттау объектісінің үй-жайына, жабдыққа және қажетті құжаттамаға қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

22. Атtestаттық зерттең-қарау мыналарды қамтиды:

1) атtestаттау объектісінің бастапқы деректерінің алдын ала сараптамасы;

2) атtestаттау объектісінің АҚ бойынша ТҚ-ның Қазақстан Республикасының аумағында қабылданған ақпараттық қауіпсіздік және ақпаратты қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен стандарттардың талаптарына сәйкестігін саралау және бағалау;

3) атtestаттау объектісін зерттең-қарау және АҚ бойынша ТҚ, ұйымдастыру-өкімдік, пайдалану құжаттарымен және Қазақстан Республикасының аумағында қабылданған ақпараттық қауіпсіздік пен ақпаратты қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілермен және стандарттармен белгіленген талаптардың нақты орындалуын бағалау;

4) атtestаттау объектісінің компоненттерін аспаптық зерттең-қарау.

23. Мемлекеттік техникалық қызметтің атtestаттау объектісін атtestаттық зерттең-қарауды жүргізу бойынша жұмыстарды жүргізген кезде белгілі болған коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жариялауға құқығы жок.

24. Мемлекеттік техникалық қызмет атtestаттық зерттең-қарау нәтижелері бойынша атtestаттау объектісінің нақты қорғалуының жай-күйі туралы мәліметтерді қамтитын Атtestаттық зерттең-қарау актісін жасайды.

25. Атtestаттық зерттең-қарау актісі үш данада жасалады, оның біреуі мемлекеттік техникалық қызметте қалады, ал қалғандары уәкілетті орган және өтініш беруші үшін уәкілетті органға жіберіледі.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2018 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

26. алып тасталды - ҚР Үкіметінің 09.04.2018 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

27. Атtestаттық зерттең-қарау актісі негізінде уәкілетті орган үш жұмыс күні ішінде мына шешімдердің бірін қабылдайды:

1) атtestат беру туралы;

2) атtestатты беруден бас тарту туралы;

3) өтініш берушінің айқындалған сәйкессіздіктерді жоюы туралы.

Өтініш берушінің айқындалған сәйкессіздіктерді жоюы туралы шешім атtestаттау жүргізуге өтініш бойынша бір ретten артық қабылданбайды.

Ескерту. 27-тармақ өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 09.04.2018 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

28. Атtestаттау туралы оң шешім қабылдаған жағдайда уәкілетті орган шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтініш берушіге атtestаттық зерттең-қарау актісі мен осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша атtestатты жібереді және тиісті мәліметтерді атtestаттар тізіліміне енгізеді.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2018 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

29. Атtestаттар тізілімін уәкілетті орган жүргізеді, онда мынадай мәліметтер қамтылады:

- 1) атtestаттау объектісінің атауы;
- 2) атtestаттау объектісінің меншік иесі (иеленуші);
- 3) атtestаттау объектісінің әзірлеушісі;
- 4) атtestаттық зерттең-қарау актісінің (қосымша атtestаттық зерттең-қарау актісінің) деректемелері;
- 5) атtestат деректемелері;
- 6) атtestатты кері қайтарып алу, кейін қайтару;
- 7) атtestаттың әрекетін тоқтату.

Атtestаттар тізілімі қағаз нысанда жүргізіледі.

30. Атtestатты беруден бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда уәкілетті орган шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтініш берушіге атtestаттық зерттең-қарау актісін жолдайды.

Өтініш беруші анықталған сәйкессіздіктер жойылғаннан кейін осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен аталған объектіні атtestаттаудан өткізуге өтініш беруге құқылы.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2018 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

31. Анықталған сәйкессіздіктерді жою туралы шешім қабылдаған жағдайда уәкілетті орган шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтініш берушіге атtestаттық зерттең-қарау актісін жолдайды.

Өтініш беруші жиырма жұмыс күні ішінде айқындалған сәйкессіздіктерді жойған жағдайда, ол уәкілетті органды оларды жойғаны туралы хабардар етеді

және қосымша аттестаттық зерттең-қарау үшін құжаттар ұсынады. Қосымша аттестаттық зерттең-қарау тегін жүргізіледі.

Қосымша мерзім өтініш берушінің аталған құжаттарды алған күнінен бастап саналады.

Ескерту. 31-тармаққа өзгеріс енгізілді- ҚР Үкіметінің 09.04.2018 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

32. Ескертулерді жою туралы хабарлама жиырма жұмыс күні ішінде келіп түспегені өтініш берушінің өтінішін қабылдамау үшін негіз болады.

33. Үәкілетті орган хабарламаны алған кезден бастап үш жұмыс күні ішінде мемлекеттік техникалық қызметке қосымша аттестаттық зерттең-қарау жүргізу қажеттілігі туралы хабарлайды.

34. Мемлекеттік техникалық қызмет уәкілетті органнан қосымша аттестаттық зерттең-қарау жүргізу туралы хабарлама келіп түскең күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде аттестаттау объектісін қосымша аттестаттық зерттең-қарауды жүргізеді.

35. Қосымша аттестаттық зерттең-қарау нәтижелері бойынша мемлекеттік техникалық қызмет аттестаттау объектісін аттестаттық зерттең-қарау жүргізу кезінде айқындалған ескертулерді жою туралы мәліметтерді қамтитын қосымша аттестаттық зерттең-қарау актісін жасайды.

Қосымша аттестаттық зерттең-қарау актісі үш данада жасалады, оның біреуі мемлекеттік техникалық қызметте қалады, ал қалғандары уәкілетті орган және өтініш беруші үшін үәкілетті органға жіберіледі.

Ескерту. 35-тармаққа өзгеріс енгізілді- ҚР Үкіметінің 09.04.2018 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

36. алып тасталды - ҚР Үкіметінің 09.04.2018 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

37. Үәкілетті орган қосымша аттестаттық зерттең-қарау актілерін алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде мына шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) аттестат беру туралы;
- 2) аттестатты беруден бас тарту туралы.

Ескерту. 37-тармаққа өзгеріс енгізілді- ҚР Үкіметінің 09.04.2018 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

38. Қосымша аттестаттық зерттең-қарау нәтижелері бойынша оң шешім қабылдаған жағдайда уәкілетті орган шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде өтініш берушіге қосымша аттестаттық зерттең-қарау актісі

мен осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша атtestатты жібереді және тиісті мәліметтерді атtestаттар тізіліміне енгізеді.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2018 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

39. Қосымша атtestаттық зерттең-қарау нәтижелері бойынша сәйкестік атtestатын беруден бас тарту туралы шешім қабылданған жағдайда өтініш беруші айқындалған сәйкессіздіктерді жойғаннан кейін осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен аталған обьектіні атtestаттауды жүргізуге өтініш беруге құқылы.

40. Атtestат "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық платформасын қоспағанда, қорғалатын ақпаратты өндөуді қамтамасыз ететін және ақпараттың қауіпсіздігін айқындайтын атtestаттау обьектісінің, аппараттық-бағдарламалық кешен мен ақпараттық-коммуникациялық технологияның көрсетілген мерзім ішінде жұмыс істеу жағдайлары мен функционалдығының өзгермеуін сақтаған (қамтамасыз еткен) кезде атtestаттау обьектісін өнеркәсіптік пайдалану мерзіміне беріледі.

"Электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық платформасының атtestаты бір жылға беріледі.

41. Атtestаттың жарамдылық мерзімі өткен соң атtestаттау обьектісі осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен атtestаттауға жатады.

42. "Электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық платформасын қоспағанда, міндетті атtestаттауға жататын обьектілер атtestатты алған күнінен бастап бір жыл ішінде мемлекеттік техникалық қызметтің ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мониторингі ақпараттық жүйесіне қосылады және бұл туралы уәкілетті органға хабарлайды.

43. Атtestаттау обьектісінің жұмыс істеу жағдайлары мен функционалдығы өзгерген жағдайда, атtestаттау обьектісінің меншік иесі немесе иеленушісі оны дамыту жұмыстарын аяқтағаннан кейін уәкілетті органға осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен барлық жүргізілген өзгерістердің сипаттамасы қоса берілген, қайта атtestаттауды жүргізу қажеттігі туралы хабарлама жібереді.

Атtestаттау обьектісінің белгіленген жұмыс істеу жағдайларын, қорғалатын ақпаратты өндөудің технологиясын және ақпараттық қауіпсіздік бойынша талаптарды орындау үшін жауапкершілік атtestаттау обьектісінің меншік иесіне және (немесе) иеленушіге жүктеледі.

44. Уәкілетті орган хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде атtestаттау обьектісіне қайта атtestаттық зерттең-қарау жүргізу туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2018 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

45. Уәкілетті орган:

1) осы Қағидалардың 41-тармағында көрсетілген талаптар орындалмаған;

2) атtestаттау обьектісі меншік иесінің немесе иеленушінің жазбаша өтініші болған;

3) атtestаттау обьектісінің Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес жүргізілген зерттеп-қарау кезінде анықталған ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкес келмеген;

4) осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген атtestаттау обьектісінің жұмыс істеу жағдайлары мен функционалдығы өзгерген;

5) осы Қағидалардың 5-тармағында көрсетілген атtestаттау обьектісін пайдалану тоқтатылған жағдайларда атtestатты кері қайтарып алу туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 45-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 09.04.2018 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

46. Атtestатты кері қайтарып алу туралы шешімнің көшірмесі атtestаттау обьектісінің меншік иесіне (иеленушіге) жіберіледі және ол атalған шешімнің көшірмесін алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде атtestатты уәкілетті органға қайтарады және қажет болған жағдайда, осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен атtestаттау обьектісін атtestаттаудан өткізуге өтініш жолдайды.

47. Жаңа сервистік бағдарламалық өнімді енгізу, сервистік бағдарламалық өнімнің өзгеруі "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық платформасының атtestатын кері қайтарып алуға әкеп соктырмайды.

48. Атtestат жоғалған, бұзылған немесе бүлінген жағдайда атtestаттау обьектісінің меншік иесі (иеленуші) уәкілетті органға себептерін көрсете отырып хабарлама жібереді. Уәкілетті орган хабарламаны алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде атtestаттың телнұсқасын береді.

Ақпараттық жүйені,
"электрондық үкіметтің"
акпараттық-коммуникациялық
платформасын,
мемлекеттік органның интернет-
ресурсын ақпараттық қауіпсіздік
талаптарына сәйкестікке
атtestаттаудан өткізу
қағидаларына
1-қосымша

нысан

Ағымдағы жылы аттестаттау жүргізу жоспарланатын объектілердің тізбесі

P/ с №	Аттестаттау объектісініңменшік иесі (иеленуші)	Аттестаттау объектісінің атауы	Аттестаттау объектісінің тіршілік циклінің кезеңі	Аттестаттаудан өтудің жоспарлы мерзімі	Аттестаттау объектісінің сынақтан өткізу актісінің деректемелері
1	2	3	4	5	7

Ақпараттық жүйені,
"электрондық үкіметтің"
аппараттық-коммуникациялық
платформасын, мемлекеттік
органның
интернет-ресурсын ақпараттық
қауіпсіздік талаптарына
сәйкестікке
аттестаттаудан өткізу
қағидаларына
2-қосымша

ЕскеRTУ. 2-қосымша жаңа редакцияда - КР Үкіметінің 09.04.2018 № 178 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

нысан

Кімге _____
(аттестаттау жөніндегі органның
атауы)

Ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан аттестаттаудан өткізуге ӨТІНІШ

— — — — — (өтініш берушінің атауы, БСН/ЖСН*, А.Ә.Т. (бар болса)

акпараттық қауіпсіздік

(аттестаттау объектісінің атауы)

талаптарына сәйкестігі тұрғысынан аттестаттаудан өткізуді сұрайды.

1. Ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі тұрғысынан аттестаттауға ұсынылған

аттестаттау объектісінің бастапқы деректері ____ парақта қоса беріледі.

2. ____

(өтініш берушінің атауы, А.Ә.Т. (бар болса)

қажетті құжаттарды ұсынуға және аттестаттау объектісін ақпараттық қауіпсіздік талаптарына

сәйкестігі тұрғысынан аттестаттаудан өткізу үшін жағдай жасауға міндеттенеді.

(қолы) М.О. 20__ жылғы "___"

* бизнес сәйкестендіру нөмірі / жеке сәйкестендіру нөмірі _____

Ақпараттық жүйені,
"электрондық үкіметтің"
ақпараттық-коммуникациялық
платформасын,
мемлекеттік органның интернет-
ресурсын ақпараттық қауіпсіздік
талаптарына сәйкестікке
аттестаттаудан өткізу
қағидаларына
3-қосымша

Ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі техникалық құжаттаманың тізбесі

1. Ақпараттық қауіпсіздік саясаты.
2. Ақпараттық қауіпсіздік тәуекелдерін бағалау әдістемесі.
3. Ақпаратты өндеу құралдарымен байланысты активтерді сәйкестендіру, жіктеу және таңбалашу қағидалары.
4. Ақпаратты өндеу құралдарымен байланысты активтердің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету қағидалары.
5. Есептеу техникасы құралдарын, телекоммуникация жабдығын және бағдарламалық қамтамасыз етуді түгендеу мен паспорттандыру қағидалары.
6. Ішкі ақпараттық қауіпсіздік аудитін өткізу қағидалары.
7. Аттестаттау объектісінде ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын пайдалану тәртібі (был құжат ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын пайдаланатын аттестаттау объектілері үшін міндетті болып табылады).
8. Аттестаттау объектісінің ақпараттық ресурстарына қол жеткізу құқықтарының аражігін ажырату қағидалары.
9. Интернет желісі мен электрондық поштаны пайдалану қағидалары.
10. Аутентификация рәсімін ұйымдастыру қағидалары.
11. Вирусқа қарсы бақылауды ұйымдастыру қағидалары.
12. МобиЛЬДІК құрылғыларды және ақпарат тасығыштарды пайдалану қағидалары.
13. Аттестаттау объектісінің ақпаратты өндеу құралдарын физикалық қорғауды және ақпараттық ресурстардың қауіпсіз жұмыс істеу ортасын ұйымдастыру қағидалары.

14. Әкімшінің аттестаттау объектісін сүйемелдеу жөніндегі нұсқаулығы.

15. Аттестаттау объектісінің ақпаратын резервтік көшіру және қалпына келтіру регламенті.

16. Пайдаланушылардың ақпараттық қауіпсіздік инциденттеріне және штаттан тыс (дағдарысты) жағдайларда іс-қымыл тәртібі туралы нұскаулық.

Ақпараттық жүйені,
"электрондық үкіметтің"
акпараттық-коммуникациялық
платформасын,
мемлекеттік органның интернет-
ресурсын ақпараттық қауіпсіздік
талаптарына сәйкестікке
аттестаттаудан өткізу
қағидаларына
4-косымша

нысан

Аттестаттау объектісімен интеграцияланған ақпараттандыру объектілерінің тізбесі

P/c №	Ақпараттандыру объектісінің атауы	Меншік иесі (иеленуші)	Өзара іс-кимыл сипаты
1	2	3	4

Ақпараттық жүйені,
"электрондық үкіметтің"
ақпараттық-коммуникациялық
платформасын,
мемлекеттік органның интернет-
ресурсын ақпараттық қауіпсіздік
талаптарына сәйкестікке
аттестаттаудан өткізу
қағидаларына
5-косымша

нысан

Техникалық куралдардың тізбесі

Ақпараттық жүйені,
"электрондық үкіметтің"
ақпараттық-коммуникациялық
платформасын,
мемлекеттік органның интернет-
ресурсын ақпараттық қауіпсіздік
талаптарына сәйкестікке
аттестаттаудан өткізу
қағидаларына
6-қосымша

нысан

Бағдарламалық құралдардың тізбесі

P/ с	Әзірлеуші	Атауы	Нұсқасы	Орнатылған жері (техникалық құралдардың тізбесінен)	Ти pi бағдарламалық құжаттамаға сәйкес)	(Негізгі функционалдық м а к с а т ы бағдарламалыққұжаттамаға сәйкес)	(Ақпараттықорғаудыңпай, әдістері
1	2	3	4	5	6	7	8

Ақпараттық жүйені,
"электрондық үкіметтің"
ақпараттық-коммуникациялық
платформасын,
мемлекеттік органның интернет-
ресурсын ақпараттық қауіпсіздік
талаптарына сәйкестікке
аттестаттаудан өткізу
қағидаларына
7-қосымша

нысан

**Аттестаттау объектісінің
ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігінің
№ _____ АТТЕСТАТЫ**

(аттестаттау объектісінің атауы)

№____20____жылғы " " _____ дейін жарамды
Осы аттестат:

(аттестаттау объектісінің атауы)

ақпараттық қауіпсіздік талаптарына, ақпараттық қауіпсіздік саласындағы стандарттарға сәйкестігін күеландырады. Ақпараттық жүйенін/ "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық платформасының/ мемлекеттік органның интернет-ресурсының бағдарламалық және техникалық құралдар кешенінің құрамы атtestатқа қоса беріледі.

Атtestаттау объектілерінде атtestаттық зерттеп-қарау нәтижелерін ескере отырып, _____ ақпаратты өндеге рұқсат беріледі. (**қызметтік, жалпыға қол жетімді және т.б.)**

Атtestаттау объектілерін пайдалану кезінде тыйым салынады: _____

(ақпаратты қорғау шаралары мен құралдары тиімділігіне әсер етуі мүмкін шектеулер көрсетіледі)

Іске асырылған шаралардың және қорғау құралдарының тиімділігін бақылау Отініш берушінің тиісті бөлімшелеріне жүктеледі.

Атtestаттық зерттеп-қараудың толық нәтижелері атtestаттық зерттеп-қарау актісінде (20 ____ жылғы "____" № ____) келтіріледі.

Осы атtestаттау объектісінің ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестік атtestаты _____ берілді,

(атtestаттың жарамдылық мерзімі)

осы уақыт ішінде атtestаттау объектісінің жұмыс істеу жағдайы мен функционалдығының өзгермеуі қамтамасыз етілуге тиіс.

Мемлекеттік техникалық қызметке міндетті түрде хабарлануы тиіс өзгерістер сипаттамаларының тізбесі:

1) _____;

2) _____.

Төраға _____

(Т.А.Ә.(бар болса))

М.О. 20 ____ жылғы "____"

жылғы

№ атtestатқа
қосымша

№ 1-кесте

P/ с №	Өндіруші , моделі	Сериялық /түгендегу нөмірі	Ақпараттық қауіпсіздік сертификатының нөмірі (бар болса)	Физикалық орналаскан жері	Типі (техникалық құжаттамаға сәйкес)	Негізгі (функционалдық мақсаты (атtestаттау объектісіне бағдарламалық құжаттамаға сәйкес)	Ақпаратты қорғаудың пайдаланыла әдістері
1	2	3	4	5	6	7	8

№ 2-кесте

P/ с №	Әзірлеуші	Атауы	Нұсқасы	Орнатылған жері техникалық құралдардың тізбесінен)	Типі (бағдарламалық құжаттамаға сәйкес)	Негізгі функционалдық мақсаты (бағдарламалық құжаттамаға сәйкес)	Ақпаратты корғаудың пайдаланылатын әдістері
1	2	3	4	5	6	7	8

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2016 жылғы 23 мамырдағы

№ 298 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір күші жойылған шешімдерінің тізбесі

1. "Мемлекеттік ақпараттық жүйелерді және мемлекеттік ақпараттық жүйелермен интеграцияланатын мемлекеттік емес ақпараттық жүйелерді олардың ақпараттық қауіпсіздік талаптарына және Қазақстан Республикасының аумағында қабылданған стандарттарға сәйкестігіне аттестаттау жүргізу ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2280 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2010 ж., № 4, 39-құжат).

2. "Мемлекеттік ақпараттық жүйелерді және мемлекеттік ақпараттық жүйелермен интеграцияланатын мемлекеттік емес ақпараттық жүйелерді олардың ақпараттық қауіпсіздік талаптарына және Қазақстан Республикасының аумағында қабылданған стандарттарға сәйкестігіне аттестаттау жүргізу ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2280 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 3 қарашадағы № 1285 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2012 ж., № 1, 7-құжат).

3. "Ақпараттық технологиялар саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің стандарттарын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Жеке және занды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 және "Мемлекеттік ақпараттық жүйелерді және мемлекеттік ақпараттық жүйелермен интеграцияланатын мемлекеттік емес ақпараттық жүйелерді олардың ақпараттық қауіпсіздік талаптарына және Қазақстан Республикасының аумағында қабылданған

стандарттарға сәйкестігіне аттестаттау жүргізу ережелерін бекіту туралы" 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2280 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 қыркүйектегі № 1241 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2012 ж., № 71, 1047-құжат).

4. "Мемлекеттік техникалық қызметтің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 қантардағы № 49 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 5-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2013 ж., № 12, 226-құжат).

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 507 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 3-тармағы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2013 ж., №34, 505-құжат).